

Ол туралы 1957 жылы Ұлыбритания Корольінің премьер-министрі Антони Иден: «Көптеген ұлттардың қауымдастығы болып отырған біздің Ұлыбританияда бірде-бір көрнекті ғалым шыққан жоқ, ал Кенес Одағында Қаныш Сәтбаев сынды әлемдік тұлғаның туғандығы ғажап құбылыс...» деп танғалған. Ал Сәтбаев қорының президенті Көкілбек Салқов: «Ақыл-ойдан жүк тиіп, теңіздің телгейі, Желді күні желкенсіз жеке жүзген кемедей. Менменсіген Мәскеу мен Лондонды да төкаппар Таңғалдырған кім еді, Қаныш аға, сен емей?!» деп жырға қосқан.

Бүгінде К.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ Қазақстанның инженерлік кадрларын даярлайтын жетекші, Қазақстандағы бірінші зерттеу университеті мәртебесін иеленіп, білім мен ғылымның ірі орталығына, ғылымның инновациялық дамуының көшбасшысына айналдып отыр. Университетте өте көп ғылыми жобалар жүзеге асырылуда және оған профессорлық-оқытушылық құраммен бірге студенттер, магистранттар, докторанттар және жас ғалымдар қатысады. Оның айғағы биыл 10-12 сәуір күндері Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы мен елдегі жетекші жоғары оқу орындарының бірі – К.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде (ҚазҰТЗУ) «Академик К.И.Сәтбаевтың туғанына 120 жыл және Сәтбаев университетіне 85 жыл толуына арналған халықаралық конференция» өтеді.

12 сәуір – ғылым күнінде өткізіліп отырған «Сәтбаев оқуларындағы» жастардың көптігі және олардың ғылым билеушілері. «Сәтбаев оқулары – 2019» баспа мақсаты – біріншілікті аты аңызға айналған, жер койнауынның сипары сырларын тамаша көргендікпен аша білген, энциклопедиялық ғалым, 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО аясында аталып өткен, академик К.Сәтбаевтың мұраларын зерттеп насихаттай отырып, жастарды ғылымға баулым, ғылым мен өндірістің, білім мен тәрбиенің үйлесімділігін көрсету.

Екішілің, 85 жылға жуық тарихы бар ҚазҰТУ-дың жеткен жетістіктерін жыршылыққа таныту, келешегіне көз тастап, заманауи казакстандық қоғамның рухани-адамгершілік және интеллектуалдық мәдениетін байыта түсу, сөйтіп, «Сәтбаев оқулары» өткізудің жаңа үлгісін заман талабына сай жетілдіре отырып, университеттің жаңа деңгейге көтеру. Қазақстанды бүкіл әлемге танытқан, энциклопедиялық ғалым К.И.Сәтбаев есімін заңды иеленіп, қасиет тұтып, осы ұлы есімнің арқасында марқайып отырғанымызды ұмытпайық.

К.И.Сәтбаев өмір сүрген дәуір Кенес үкіметінің өсіп-өркендеу уақытына ұспанау келген. Кенес үкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстанда ешқандай жоғары оқу орны (ЖОУ) болмаса да, казак жастары орны тіпін нашар білсе де аш-қалған жұрп-ақ оқып, білім алуға ұмтылған. Солардың бірі – Томск технология институтына оқып, тау-кен инженері-геолог мамандығын игерген Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Институтты бітіргеннен кейін К.И.Сәтбаев өзінің туған еліне оралып, өкпеміздің геологиясы, минералдық ресурстарын зерттеуге және барлау, ғылыми ізденістерінің нәтижесін өндіріске енгізу, республиканың ылымды индустрия алыптарын салуға өз үлес қосты. Ол КСРО-дағы металлургия ғылымын жасаушылардың бірі болды. Бұл ғылым Сәтбаев зерттеулерінің арқасында пайдалы қазыналардың кәді жерде шоғырлануы мүмкін екенін болжауға және геологтардың іздеуіне жұмыстарын жеңілдететін болжамдық карталарды құрастыруға мүмкіндік берді. Жезқазғанының ірі мыс кенді аудандар қатарына жататынын дәлелдеп берген Қаныш Сәтбаев есінбегінің нәтижесі.

Жалғыз Жезқазған ғана емес, республикамыздағы көптеген кен ошақтарының

Қазақтың қасиетті топырағы XX ғасырда көптеген ғалымдарды өмірге әкелді, солардың арасында Қаныш Имантайұлының тұлғасы құзар шыңға ұқсайды. Ол Баянауылдан бастау алып, қазақтың даласын қақ жарып өтіп, Алатаудан асып, әлемдік ғылым шынаын көтерілген ұлы тұлға. Қ.И.Сәтбаев аса көрнекті ғалым-геолог қана емес, өз заманының шоқ жұлдызы, ойшыл ғұлама, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде өте шебер ұйымдастыру қабілетінің арқасында Қазақстанда ғылым мен индустриялық дамудың көшбасшысы болып, кеменгер ғалым атанды.



Ұлтыңыш АКАДЕМИК



ашылуы және пайдалау асырылуы Қаныш Сәтбаев есімімен байланысты. Шетте жүріп білім алып, елге оралып, казак жастары үшін техникүм мен жұмыстың факультеттерін, солан кейін институтары ұйымдастырған кезінді басынан өткерген. Адам таудың кеменгері К.И.Сәтбаев өндіріс күштерін жан-жақты дамып келе жатқан Қазақстанда техникалық жоғары оқу орны Тау-кен-металлургия институтын ашуға, ыңғайтуға барыныша күш салған және О.А.Байқоңыров институт директоры болып отырған жылдар бойы осы университетте Мемлекеттік емтихан комиссиясын басқарған. Ол Қазақстанның ҰҒА-сының шығарынған көтеруде, академияның зерттеу институттарын тап осы ҚазТКМІ түлектерінен толықтырып отырған. Сондықтан ту бастан біздің институтымыздың дамуына мұрындық болған ұлттық мақтаншымыз К.И.Сәтбаевтың есіміне ие болу – ҚазҰТУ үшін зор мәртебе деп білеміз.

Туелсіз Қазақстанның негізгі байлығы – Жер койнауындағы кен байлығымыз. Ал осы байлығымыз жайлы К.И.Сәтбаев сонау 1940 жылы көргендікпен: «Шығыста – Алтай алқабы, өңтүстікте – Қаратау, Орталық Қазақстанның кенді жотасы, батыста – Манғыстау түбегі, міне, осының бәрі кен байлықтың сарқылмас көздері» деп зор шабытпен айтқан сөзінің өзінен қасиетті казак даласы кен байлығының иесі аңқып тұрғандығын сезінеміз және оған бүгінде көзіміз жетіп отыр. Сол байлықтарды Сәтбаевпен бірге жүріп ашқан және Қазақстан аумағының металлургиялық болжамдық картасын жасап кеткен бір топ казакстандық геологтар Лениндік сыйлығының лауреаты болды.

Ауыр индустриялау ша сала бар: геология, тау-кен өндірісі, металлургия. Геологтар ізлеп, кен орындарын тапса, оны игеру тау-кен мамандарының ісі. Әрі қарай қазылып алынған кеннің құрамындағы қаншама элементтерді бөліп алу металлургиялық зауыттарда жүзріледі. Бүгінгі К.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың іргетасы – тіргесі осы үш мамандық бойынша кадрлар даярлап отырған Геология-мұнай және Тау-кен-металлургия институттары деп білеміз.

Ғылым кадрларын даярлау мен тәрбиелеу К.И.Сәтбаевтың ролі өте зор. Ол 40-жылдардың басынан бастап, ғұмырының аяғына дейін Казак Ғылым академиясы мен тау-кен маман кадрларын даярлауда тікелей өзі араласып, көптеген шәкірт тәрбиеледі білген – ұлы тұлға. Академиктің геологиядан кейінгі рухани мұрасы ұлттық мәдениет, әдебиет, өнерге тығыз байланысты болды. Ол өз халқының ғылым мен білімге, өнер мен өрнектеріне шақырып, қолынан келген көмектің аямалы. К.Сәтбаевтың камкорлығы арқасында ғылымға бет бұрған жастар ғылым кандидаттары, докторлары дәрежесіне ие болды.

Оның бір сырлы, мыс қырлы азамат болғандығына атқарған істері мен артына қалған еңбектері дәлел. Жалпы К.И.Сәтбаев 600-ден астам ғылыми еңбектер, оның ішінде 10 томдық тандамалы шығармалар жинағы, ғылым-көпшілік кітаптар жазып, артына өшпес мұра қалдырған ғалым.

«Жақсанып аты өлемді, ғалымның хаты өлемді» деген осы. Тұғыры биік тұлғаның бейнесі әркез халқының әлі тағай жанның сусынын қандырып, рухани тұрлайын байыта түсетін қаж.

К.И.Сәтбаев – ұлы ғалым, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғылым докторы, профессор, Казак КСР Ғылым академиясының тұңғыш Президенті және оның академигі, КСРО Ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты, төрт мәрте Ленин орденімен, басқа да көптеген ордендермен марапатталған.

Өз халқы үшін өрпаз зор қызмет жасап, сонында еспестей бей мұра қалдырған Қаныш Имантайұлы Сәтбаев XX ғасырдың аяғында «Ғасыр адамы» деп аталды. Қазақстанның қала, ауылдарында Сәтбаев есімімен аталатын жұлденге көше, 40-тан астам мектеп және көптеген ескерткіштер бар.

Оның есімі Қазақстан Ғылым академиясының Геология ғылымдары институтына, «Гріс-Қарағанды» қаналына, қалаға берілген. Сәтбаевтың құрметіне Жоңғар Алатауы жотасындағы мұздық пен тигіз байланысты болды. Ол өз халқының ғылым мен білімге, өнер мен өрнектеріне шақырып, қолынан келген көмектің аямалы. К.Сәтбаевтың камкорлығы арқасында ғылымға бет бұрған жастар ғылым кандидаттары, докторлары дәрежесіне ие болды.

Бұл арада біз өңгіме еткенді отырған уақыт 1941 жылдың шілдесі. Ленинградта әлемге әйгілі Пулковско обсерваториясы Күннің толтық тұтылуын, Ленинградтың тұманды тұмшасынан гөрі Алматыға барып, ашық аспан аясында бақылау үшін 7-экспедициясын құрып отырған кез болатын. Ұлы Отан сасығы басталған, қоршауда қалған Ленинградқа қайта алмай қалған астрономдар, геофизиктер және т.б. ғалымдар Алматыда қалған. Бүгінде «Ғарыштық

зерттеулер мен технологиялардың ғылыми орталығы» енілсе мекемесі Астрофизика институтының сол кездегі басшысы В.Г.Фисенков өз естелігінде: «Соғыс жылдарында біз қысылып-қымытырғалы, өзімізді еркін ұсталақ, себебі біз Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тарапынан толық қолдау-қошметкеке бөлендік. Академик Сәтбаевтың арқасында Казак Ғылым академиясы жанынан «Астрономия және физика институты» құрылды, институт қызметкерлеріне физика-математика ғылымның докторы ғылыми дәрежесін беру мәселесін Мәскеуге өзі барып шешті. Сәтбаевтың ұсынысы бойынша 1963 жылы ҚазҰТЗУ Ғылым академиясында «Аспан әлемі мен Жер туралы ғылым бөлімшесі» құрылды, оған ионосфера секторы кірді. К.И.Сәтбаев өзіне тең ой-өрісінің арқасында Жер туралы ғылымды Аспан әлемі туралы ғылыммен тығыз ұштастыру қажеттігін сол кездің өзінде айқын түсінді және ол үшін қажетті ұйымдастыру шараларын жүргізді» деп жазып кеткен.

Академик К.И.Сәтбаевтың есімін мәнгі есте қалдыру шараларының бірі, «Фесенков атындағы Астрофизика институтының ұсынысы бойынша, Марс пен Юпитер аралығында Күнді 3 жылда айналды қозғалатын кіші планетаға, АҚШ-тың Кембридж қаласындағы Халықаралық планета орталығының шешімі бойынша, ғалымның туғанының 80 жыл толуына орай (1979 ж.) Сәтбаев аты берілді. Сөйтіп, ол планеталардың халықаралық каталогіне 2402 нөмерімен енгізілді.

Осы қуанышты хабарға байланысты, Қазақстанның халық ақыны Хамит Ерғалиев «Ғарыштағы Қаныш» атты балладасында:

Басы бейне әлемнің жарығындай, Қасиетін қалмаған жан ұғынбай. Жүремің тірікте жүруші еді, Тау-тасынды жанғақтай жарып ыңғай.

Кен жақыз қырма мен кйік елі, Оны туған, жан сүтін иігелі. Бітімде тұрғасы, екі ыңғы, Белендеді елімінің биік елі.

Күдайлығын тіріде құндайды Алып, Бұл дүниеде қалыпты кім байланып. Данышпанның талайы тасқа айналса, Біздің Қаныш үшін жүр Күнді айналап! – деп жырға қосқан болатын.

Бүгінде ғарыш өлемін зерттеушілер: «Сонау бойлық пен сонау ендік аралығында, Күннен пәлендей қашықтықта Сәтбаев планетасы ұшып баралы» деп мәлімет береді.

оның дәліздерінде Сәтбаев ізі сайрап жатыр, Сәтбаев атмосферасының лебі әлі күнге дейін соғып тұр.

Бүгінде инженер мамандарын даярлайтын Қазақстанның қара шаңырағы – ҚазҰТУ-дың құрамында 800-ге жуық оқушыты бар. Оның тек бір пайызы ғана Сәтбаевтың көзін көрген және өмір жолын Қаныш Имантайұлымен бірге бастаған А.Ж.Машанов, Ш.Е.Есенов, Ө.А.Байқоңыров, Г.Ц.Медведев, Е.А.Букетов және тағы басқалардан дәріс алғандар. Ол бір пайыз оқытушылардың жастары жер ортасынан асып, шаштарына ақ қырау түссе де жоғарыда К.Сәтбаевтан бастап айтылған ғұламалардың шәкіртіміз деп есептейтіндер. Олар Қаныш Имантайұлының өзін ойларын-да, сөздерін саналарында сақтап: «Есейіп кетсем де, мен Сізге шәкіртіміз» деп жүргендер. Иә, К.И.Сәтбаевтың көзін көреміз, сөзін естелік.

К.И.Сәтбаев ізін сапып кеткен кәзіргі ҚазҰТУ – біздің алтын бесігіміз, терең тамырымыз, мәртебе-мерейіміздің тұғыры. Жастара білім мен ғылымның кілігін ашудан, үйретуден, ғылымды насихаттаудан жалықпаған ұстаздардың ұстазы, ғұлама ғалым К.И.Сәтбаевтан үлгі-өнеге алған ҚазҰТУ-дың бүгінгі аға буын ақылман ағалары мен батағой апалары жастарды жоғары біліктілікке шынарда.

Еліміздегі білім беру жүйесі кәзіргі заман талабына сай өзгеріске ұшырап, түбегейлі жаңарып жатқаны белгілі. Осы орайда Еуразия білім кеңістігінде өзінің айрықша тұрпаттымен қалыптасқан ҚазҰТУ-дың құрылғанына биыл 85 жыл толып отыр.

«Елу жылда – ел жаңа» дейді халқымыз. 85 жыл дегеніміз – тарих үшін үлкен кезең, небір асқарлы асу, тұтырды тарих деген сөз. Бұл тек біз үшін ғана емес, ҚазҰТУ-дың есігін ашып, табылдарының аттайтын әрбір талапкер, студент үшін тағдымы мол тарап. Әрі жоғарыда аты аталған әрбір азаматтың (атағамының қаншама) еңбек және ғылым жолындағы тұрғындары үлгі аларайықтай, өнеге тұрыпайықтай. ҚазҰТУ сонысымен де киелі, қасиетті шынар.

Халқымыздың дана нақылдарының бірі: «Ұтас – ұтас емес, өз шәкірті үшін күймесе, шәкірт – шәкірт емес, өз ұстазын сүймесе» дегендей, нағыз ұстазымыз болып өткен Қаныш Имантайұлы жаңы естеліктер қаншалықты көп және қызық да олардың ешбірі артық емес. Казак елінің мандайына біткен жарық жұлдыздарының бірі Қаныш Сәтбаев деп айтауа толық хақым бар деп санаймын. Қалай болғанда да, ғылымды сайрап жалған ошпес із қалдырған ұлағаты ұстаздары шәкіртіңе естен шығарма. Емек. Әлі де болса, біздің Қаныш Сәтбаев туралы айтармыз көп, болашақта ғалым еңбектері туралы зерттеулер жалғаса бермек.

Жаратушымыз, адамға екі тізе бергенде: біреуін ұстазын алдында, екіншісін дәрігеріңді алдында бұтуге берген екен деген қанға бар. Сап айтқандай, казак деген халықтың адамзат құрылымының арасында мөр басып тіркелген паспорт, мәңгі мақтаншы болып отырған Сәтбаев сынды ұлы ұстазды еске алу, тағзым ету, рухын тірліту және олардың қайт-қасиетін келер ұрпаққа айтып кету – қай-қасымызға да парыз.

Қазақтың тұңғыш ғалымы туралы: «Шоқан Уәлиханов – шығыс зерттеу ілімінің көкжиегінде қуырлықты жұлдыздай жарқ етте сонді» деген болатын. Қазақтан бірінші академигі Сәтбаев пен оның шәкірттері «қуырлықты жұлдыздай ағып өткен жоқ», керісінше, олар казак ғылымның аспанында тұрақты жұлдыздарға шоғырланды. Ал Сәтбаев сол шоғырдың ішіндегі жарық жұлдыз, оның сәулесі кейінгі ұрпаққа жарық көрсетіп тұр.

Маржан НҮРПЕЙІСОВА,
Қ.Сәтбаев атындағы
ҚазҰТУ-дың профессоры,
техника ғылымының докторы,
академик

